

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ АКЦИЯСЫ: БРАКОНЬЕРЛІКПЕН КҮРЕС

2025 жылғы 1 сәуір мен 31 мамыр аралығында Атырау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарының су айдындарында, сондай-ақ Каспий теңізіндегі Қазақстан Республикасының аумақтық суларында биологиялық әртүрлілікті сақтау мақсатында шаралар өткізілуде.



Аталған табиғатты қорғау акциясына ҰҚК Шекара қызметінің Маңғыстау және Атырау облыстары бойынша департаменттерінің бөлімшелері белсенді түрде қатысты.


Маңғыстау облысы бойынша ҰҚК Шекара қызметі департаментінің жағалау күзеті басқармасының бастығының айтуынша, акция өткізу кезеңінде үйлестіру штабы құрылып, оның құрамына құқық қорғау және табиғатты қорғау органдарының қызметкерлері, сондай-ақ Шекара қызметінің әскери қызметшілері кірген.

— Біздің мақсатымыз — табиғатты қорғау және құқық қорғау органдарына Каспий теңізіндегі балық және өзге де су жануарларының табиғи популяциясын сақтау, олардың уылдырық шашу орындарына көшуін қамтамасыз етуге көмек көрсету. Бірлескен іс-шаралар аясында біз балық және су жануарларын заңсыз аулау, сату, сатып алу және тасымалдауға қарсы мобильді топтар құрдық, — деді Талғат Төребаев.

Айта кету керек, 1 сәуірден бастап шекарашылар аумақтық және ішкі сулар режимін бұзған 62 адамды, мемлекеттік шекара режимін бұзған 4 адамды, шекаралық режимді бұзған 23 адамды және балық аулау қағидаларын бұзған 13 адамды ұстады. Заңсыз айналымнан 51 шағын жүзу құралы, 137 шақырымнан астам браконьерлік тор, 10 мың метр қармақ құралдары және 7600 дана ілмектер тәркіленді. Ұсталған тұлғаларға жалпы сомасы 5 миллион теңгеден асатын әкімшілік айыппұл салынды. Табиғи мекендеу ортасына 5327 келі (721 дана) бекіре тұқымдас, 2083 келі (1532 дана) тұқы тұқымдас балықтар және 9 итбалық қайта жіберілді. Мемлекетке келтірілмек болған залалдың алды алынды, ол 2,1 миллиард теңгеден асты, ал келтірілген нақты залал 241,5 миллион теңгеден асты.

Табиғатты қорғау акциясы аясында ҰҚК Шекара қызметінің бөлімшелері Каспий теңізінде күшейтілген режимде қызмет атқаруда. «Бекіре-2025» табиғат қорғау акциясы жалғасуда, қосымша нәтижелер кейінірек хабарланатын болады.

Капитан А. ЖАНАЛИПОВ,
«ОС-ЧР».
Суреттер аймақтық департаменттерден.



**ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ
СЕНІМДІ СЕРІКТЕР –
ҚЫЗМЕТТІК
ЖЫЛҚЫЛАР**

2



**ТЫНЫМСЫЗ
ЕҢБЕК ПЕН
ҚЫРАҒЫЛЫҚ**

5



**ПОГРАНИЧНИК
В МИРЕ
БЛОГЕРОВ**

7

ТАУ ТЫНЫСЫ – ШЕКАРА ТЫНЫШТЫҒЫ

Бізді алда ұзақ қана емес, ауыр жол күтіп тұрды. Өйткені ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің учаскесіндегі тау соқпақтары осылай болып келетін... Бірақ, шекара бөлімшесінің жол талғамайтын көлігі үшін 25 шақырымдық жол «бұйым» ғұрлы болмаған. Таудан құлап аққан өзеннен ақыраған күйі өте шыққан көлігіміз бізді диттеген жерімізге әп-сәтте жеткізіп, бір-ақ тоқтаған.

Бұл – «Жамбыл» шекара бөлімшесінің шекаралық бақылау бекеті болатын. Мұнда екі шекарашы – келісшарт қызметінің қатардағы жауынгері Аңсар Кәдіржан мен мерзімді қызметтің қатардағы жауынгері Марғұлан Еркінбекұлы қызмет атқарып жатыр екен. Шекара нарядының міндеті – тауға бет алған азаматтардың құжаттарын тексеру. Шекаралық аймақтың тәртібі сондай.

Тау тыныштығын күзеткен шекарашылармен әңгімелесіп тұрмыз. Осы кезде қасымызға қос аттылы келіп, тізгіндерін тартқан. Сөйтсек, осы таудың байырғы тұрғындары – қойшылар көрінеді. Шекарашыларға құжаттарын көрсетіп жатып, амандық-саулық сұрасқан малшы ағайындарды көзбен ұзатып салған соң өзіміздің тілшілік қызметімізге қайта оралғанбыз... Сұхбатымызды аяқтап, өздерін суретке түсіріп алдық.

Мына қызықты қараңыз. Бірі, өзінің азаматтық борышын өтеген соң шекарашылар сапында қалуды шешсе, екіншісі – әскерге өткен жылдың күзінде алыныпты. Бойларынан жас адамға тән қажырлылық байқалады. Қимыл-қозғалыстары да шекараның ауыр қызметіне қалыптасып үлгергенін паш етіп тұр еді.

Өйтсе де, бізге мұнда көп тұруға уақыт тапшы еді. Қарақыстақ шатқалында жол салып, өзеннің үстіне көпір орнатумен айналысып жатқан шекарашы инженерлерге баруымыз керек. Сондықтан аға нарядшы



мен оның көмекшісін суретке түсірген соң жүрісімізді жалғастыруға тура келген...

Десек те, Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының инженерлік базасы туралы арнайы репортажды газеттің алдағы нөмірінде жазатын боламыз. Майор Абылай Нұртаза бастаған инженерлер таудың ішінде 21 сәуірден бері тұрып жатқандарын, бүгінге дейін 3 көпірдің тұғырларын орнатып үлгергендері туралы егжей-тегжейлі айтамыз. Сондай-ақ, мұнда офицерлер мен «Күз-2024» шақы-

рылымының 20 сарбазы үшін барлық жағдай жасалғанын тілге тиек етеміз. Тіпті жеке құрамға арналған әскери моншаның өзі «сақ моншасынан» аумайтыны да бөлек әңгіме! Бөрінен де сарбаздардың көңіл-күйлері көтеріңкі еді. Біздің «фотосессиямызға» да ықыластана қатысқан оларға шекарадағы өмірлері ұнағандары анық еді...

...Осылайша, жолымыз болып, қоржынымызды мақалаға қажетті мәліметтер мен суреттерге толтырған біз «Жамбыл»

шекара бөлімшесіне қайта оралдық. Сосын бізді жылы қарсы алған капитан Қажыкелді Қамбармен бірге бөлімшесінің аумағын аралап шығуды мақсат тұттық.

Айту керек, бүгінде жамбылдық шекарашылар өздерінің қызметтерін соңғы үлгідегі модульдік кешенде жалғасырып келеді. Мұнда барлық жағдай жасалған. Дегенмен, қабырғасының кеше ғана құрыл-мағаның, саптық алаңның шетіндегі биіктігі бірнеше метрге жететін мыңжылдық шыршалар айғақтап тұр. Тағы бір айтарлығы, капитан Қ.Қамбардың бөлімше бастығы болып тағайындалғанына көп уақыт өте қойған жоқ. Осыған қарамастан, офицер бүгінге дейін біраз жұмысты тындырып үлгеріпті. Олардың дені ағымдағы жөндеу жұмыстарына қатысты. Қазір бөлімшенің аумағын көгалдандырумен айналысып жатқан Қажыкелді Кенжеғалиұлы өзінің ойға алған жоспарларымен бөлісуді ұмытқан жоқ.

Иә, Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының «Қайырған» шекара бөлімшесін үздіктердің қатарына қосқаны үшін «капитан» шенін кезектен тыс алған офицер темірдей тәртіп пен тастай қайраттың иесі болатын. Ал мұндай қасиеттердің иесі ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің айбынын асқақтатар істерге баратыны белгілі.

Мұны алдағы уақытта талай еститін боламыз!..



ҚР Журналистер одағының мүшесі,
Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,
«ОС-ЧР».
Суретті түсірген автор.

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ СЕНІМДІ СЕРІКТЕР – ҚЫЗМЕТТІК ЖЫЛҚЫЛАР

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің Күршім ауданына қарасты «Өрел» кавалериялық оқу-үйрету бөлімі – еліміздегі бірегей әскери бөлімдердің бірі. Бұл бөлімше 2023 жылдың қыркүйек айында қайта құрылып, өз жұмысын жаңаша қарқынмен жалғастырып келеді. Алайда оның тарихы одан әлдеқайда тереңде жатыр — алғашқы рет 1994 жылы Кавалериялық оқу-жөндеу (үйрету) эскадроны ретінде құрылған болатын.

Кейінгі жылдар ішінде бөлімше бірнеше мәрте қайта құрылып, түрлі атаулармен жұмыс істеді: кавалериялық оқу-үйрету-жөндеу эскадроны, застава, кейін тек шағын топ ретінде ғана қызмет атқарды. Қазіргі таңда «Өрел» бөлімі қайта құрылып, өзіне жүктелген маңызды міндеттерді лайықты атқарып келеді. Бөлімді әр жылдары тәжірибелі, білікті офицерлер басқарған, бүгінде олардың барлығы – құрметті зейнеткер.

Таулы аймақта орналасқан мемлекеттік шекараны қорғау кезінде қызметтік жылқылардың маңызы зор. Жолсыз, биік-қыратты, техниканың жүруі мүмкін емес жерлерде тек аттың күшімен жүру – шекарашылар үшін таптырмас мүмкіндік. Осы қажеттіліктен туындаған бөлімнің басты миссиясы – сапалы қызметтік жылқыларды өсіріп, үйретіп, оларды шекара бөлімшелеріне жіберу, сондай-ақ білікті атбегілерді дайындау.

Бұрында бұл бөлім тек Шығыс аймағын ғана емес, сонымен қатар еліміздің Оңтүстік аймақтарындағы сол кезде жаңадан ашылып жатқан шекара бөлімшелерін де жылқымен қамтамасыз



етіп отырған. Жаз мезгілдерінде барлау-іздістелу жұмыстары атпен жүргізіледі, себебі тау мен орман арасындағы тар соқпақтармен жүретін басқа көлік жоқ.

Жыл бойы атқарылатын жұмыстар өте ауқымды. Көктемде құлын алу, тайларды күзеу, таңбау, түрлі ветеринарлық екепелер салу — бұл бөлімнің күнделікті тірлігіне айналған. Жазда жайлауға көшіп, таулы аймақтағы жайылымда жылқы бағылады. Жауын-шашын, тұман, ит-құс секілді табиғи кедергілермен бетпе-бет келіп, әскери қызметшілер жылқыларды қорғап, күндіз-түні күзетеді. Қысқы уақытта қорада күтім, жем-шөп дайындау, үйрету жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар атқораларды жөндеу, жем-шөп қоймаларын дайындау сияқты шаруалар да тоқтамайды.

Әрине, бұл жұмысты кез келген адам атқара алмайды. Жылқы мінезін танып-білетін, бала кезінен атқа мініп өскен, тәжірибелі жігіттер ғана мұндай жауапты міндетті абыроймен атқара алады. Жай ғана атқа міну мен тауда жосыған жылқыны ұстау — екі бөлек дүние. Құрық тастап асауды ұстау, оны үйретіп, ерттеп міну — нағыз кәсіп.

Соңғы рет 2016 жылы қысқарып қалған бұл бөлім 2023 жылы қайта құрылып, аз уақыт ішінде елеулі жетістіктерге жетті. Мысалы, былтырғы жылмен салыстырғанда екі есе көп құлын алынған. Бұл — бөлім қызметкерлерінің

тынымсыз еңбегінің жемісі.

Бөлім басшысы, подполковник Айдын Тлеужанович Сарбасов – Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай өңірінің тумасы. Бала кезінен шекарашыларға қарап қызығып өскен ол бүгінде туған жерінде қызмет етіп жүр. Әскери қызмет жолын Алматы қаласындағы Жоғарғы шекара командалық училищесінен бастап, Зайсаң, Өскемен, басқа да бөлімдерде қызмет атқарып, тәжірибе жинақтаған. 20 жылдан астам уақыт өткен соң туған топырағына оралып, осы бөлімді басқарып келеді.

2024 жылдың наурыз айында АҚШ-тың Техас штатындағы Мексикамен шектес аумағында іссапарда болып, шекарада қызметтік жылқыларды пайдалану тәжірибесін зерттеп қайтқан. Бұл сапар – Қазақстан мен АҚШ арасындағы шекара қауіпсіздігі саласындағы ынтымақтастықтың бір көрінісі.

Ата-бабамыз ежелден атқа мініп, жерін қорғап, елін аман сақтаған халық. Бүгінде сол рух сабақтастығы жалғасып, шекарадағы қызметтік жылқылар арқылы тәуелсіз еліміздің тыныштығы сақталып отыр.



Майор Ф. БАКЕТОВ,
«ОС-ЧР».
Сурет шекара басқармасынан.

ҚЫЗМЕТІНЕ АДАЛ БӨЛІМШЕ

Мемлекеттің қауіпсіздігі мен тыныштығын қамтамасыз ету – мыңдаған әскери қызметшінің күнделікті борышына айналған. Бұл — тек қызмет емес, жүректің таңдауы мен жауапкершіліктің шыңы. Жауапты міндетті абыроймен атқарып жүрген сарбаздардың өмірі – нағыз ерліктің айғағы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Ақтөбе облысы бойынша департаментіне қарасты «Қобда» шекара бөліміне еншілес «Ақырап» шекара бөлімшесі алғаш рет 2003 жылдың қыркүйек айында Ақырап ауылында іргетасын қалап, өз жұмысын бастаған еді. Сол күннен бастап бұл бөлімше Отан шебін қорғау жолында үздіксіз қызмет атқарып келеді.

Аталған бөлімшенің шекарашылары Ресей Федерациясымен шектесетін мемлекеттік шекараның 51 шақырымдық аумағын күндіз-түні күзетіп, ел тыныштығы мен қауіпсіздігіне қалтқысыз қызмет етуде. Жеке құрамның денсаулығы мен рухын көтеру мақсатында бөлімше аумағында үнемі түрлі спорттық жарыстар, салауатты өмір салтын насихаттайтын шаралар ұйымдастырылып тұрады. Бұл олардың тек әскери емес, адами, жан-жақты дамуына да өз септігін тигізіп отыр.

«Бұл бөлімшеде қызмет ету – екінші бірінің маңдайына жазылмаған үлкен мәртебе. Тек үздіктердің үздігі, Отан алдындағы борышына адал әскери қызметшілер ғана мұнда қызмет ету бақытына ие болады. Біз бұл қасиетті борышты атқарып жүргенімізді әрдайым зор мақтанышпен айтамыз», – дейді бөлімше бастығының жауынгерлік дайындық жөніндегі орынбасары лейтенант Ильяс Жомартұлы.



сары лейтенант Ильяс Жомартұлы.

Бөлімше бастығы аға лейтенант Оңалбай Асхат Нұрсағатұлы да өз сөзінде қазіргі заманның шекарашы сарбаздарына қойылатын талаптар биік екенін атап өтті. «Шекара күзету – оңай емес. Ол ең алдымен батылдықты, сақтықты және шынайы адалдықты қажет ететін ауыр әрі жауапты міндет. Біз өз қызметкерлеріміздің жауынгерлік рухының биіктігімен, шеберліктерінің ұштасуымен мақтанамыз. Жауынгерлік дайындық деңгейінің жоғары болуы – шекарашылар рухының биіктігіне тікелей әсер етеді», – деп, өзінің бөлімшесіне деген ризашылығын білдірді.

Мемлекеттік шекараны қорғау ісіне тек шекарашылар ғана емес, сондай-ақ шекараға жақын орналасқан ауыл тұрғындары

да белсенді түрде үлес қосып келеді. Ел тыныштығына бейжай қарамайтын, өз еркімен ұйымдасқан ерікті жасақ мүшелері белгіленген кесте мен тапсырмаларға сай кезекшілік атқарып, ерекше белсенділік танытып жүр. Олардың шекара қауіпсіздігіне деген көзқарасын қалыптастыру үшін арнайы тәрбиелік сабақтар да өткізіліп тұрады.

Сонымен қатар, бөлімшенің әскери қызметшілері жас буынға патриоттық тәрбие беру мақсатында «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубының мүшелерімен тұрақты түрде сабақтар жүргізеді. Ерлік сабақтары, мемлекеттік мерекелерге арналған жиындар – бұл бөлімшенің күнделікті өмірінің ажырамас бөлігі. Сондай-ақ, Шекара қызметінің жоғары оқу орындарына үміткерлерді іріктеу бағытында да түрлі шаралар қолға алынууда. Мұның барлығы – бөлімше мен жергілікті халық арасындағы тығыз байланыс пен өзара сенімнің нәтижесі.

Мемлекеттің бейбіт аспанын күзетіп, ел шекарасын бұлжытпай қорғап жүрген күнқағарлыларымыздың еңбегі – баға жетпес. Тәуелсіз Қазақстанның аمانдығы жолында олар уақытпен санаспай, жан аямай қызмет етіп келеді. Осындай жанқиярлық істеріне біз шынайы алғысымызды білдіреміз.

**Лейтенант
Ж. ШАРМАКОВ, «OS-ЧР».**
**Сурет шекара
бөлімшесінен.**

«ЖЕЛҚУАР»: ЕРЛІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК МЕКТЕБІ

Қостанай облысының кең байтақ даласында бабалар рухының тынысын жеткізетін еліміздің мемлекеттік шекарасын қорғап тұрған маңызды бекеттердің бірі — «Желқуар» шекаралық бөлімшесі орналасқан. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің құрамындағы бұл бөлімше 2002 жылдың мамыр айында құрылған болатын. Сол күннен бастап ол еліміздің тыныштығын күзететін сенімді қалқанға айналды.



Бөлімше алғашқы күндерден бастап күрделі учаскені қорғау міндетін өз мойнына алды. Бөлімшенің құрылуын лейтенант А.Қаипов басқарды. Оның басшылығымен жауынгерлік үйлесімділік пен офицерлік бауырмалдықтың негізі қаланды. Мұнда әрбір күн — жай ғана кезекшілік емес, ол — абырой мен ар-намыстың ісі.

Бүгінде «Желқуар» — заманауи техникамен жабдықталған жоғары технологиялық бөлімше. Қызметкерлердің иелігінде — жылу камералары, радиолокациялық станциялар, түнгі көру құралдары мен сенімді байланыс жүйелері бар. Қызмет аймағы — жазық пен ойлы-қырлы алқаптарды қамтитын, елді мекендерге жақын күрделі аумақ. Бұл жерде әрқашан жоғары дайындық пен мұқияттылық қажет.

Жеке құрам — тәжірибелі келісімшарт негізінде қызмет ететін әскери қызметкерлер мен жаңа келген жас жауынгерлерден тұрады. Мұнда ұдайы оқу-жаттығулар, тактикалық даярлық және жаттығу шаралары өткізіліп тұрады. Бұл — күнделікті қызметтің ажырамас бөлігі.

Қызмет барысында бөлімше әскери қызметкерлері ондаған заң бұзушылықтың алдын алды. Жыл қорытындысы бойынша, «Желқуар» Қостанай облысы бойынша департаментінің бөлімшелері арасында екінші орынды иеленді.

Кейбір әскери қызметшілер мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапатталды. Ал ұжым түрлі жарыстарда өзінің шеберлігін дәлелдеп, атыс, дене дайындығы және тактикалық шеберлік бойынша жоғары нәтижелер көрсетіп жүр.

Бөлімшеде әскери-патриоттық тәрбие жұмысына ерекше мән беріледі. Шекарашылар мектептермен тығыз байланыс орнатып, экскурсиялар өткізіп, ардагерлермен кездесулер ұйымдастырады, митингтер мен естелік шараларға белсене қатысады. Әсіресе 7 және 9 мамыр — ерекше мәнге ие күндер.

Бұл күндері жауынгерлер ерлікпен қаза тапқандарға тағзым етіп, жас ұрпаққа Отанға қызмет етудің маңызын еске салады.

«Желқуар» бөлімшесіне тиесілі аумақтың климаты қатал, жел, температураның күрт ауытқуы, сонымен қатар, жетуі қиын аймақтар. Мұндай жағдайда қызмет ету — төзімділік пен қайсарлықты талап етеді. Алайда дәл осындай сынақтар кезінде нағыз қорғаушылардың мінезі қалыптасады.

Бүгінде бөлімшені аға лейтенант Бекзат Үсенұлы Өмеш басқарады. Оның жетекшілігімен бөлімше жаңғыртылып, тәртіп пен ұйымшылдыққа ерекше назар аударылуда. Командир шекара

қызметінің озық дәстүрлерін жаңа талаптармен үйлестіре отырып, қызмет сапасын одан әрі арттыруда.

«Желқуар» шекаралық бөлімшесі — табандылық пен адалдықтың үлгісі, ерлік пен жауапкершілік мектебі. Мұнда жауынгерлер атақ үшін емес, елдің тыныштығы үшін қызмет етеді. Осындай бөлімшелер — ұлттық қауіпсіздіктің мызғымас іргетасы мен болашаққа деген сенімнің кепілі.

**Лейтенант
Н. САКЕН,
«OS-ЧР».**
**Суреттер шекара
бөлімшесінен.**

АДАЛДЫҚТЫҢ АЛДЫҢҒЫ ШЕБІ – «ШЫҢДАЛЫ»

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті «Шыңдалы» шекара бөлімшесі – жай ғана бөлімше емес. Ол – толайым тарихтың куәгері. 1967 жылы іргетасы қаланған әскери ұжым талай кезеңді бастан өткерді. Генерал-майор Хусаин Беркалиев басқарған кезеңде ол бүкіл Кеңестік Социалистік Республикалар Одағында аты шыққан үздік заставаға айналды. Аталған бөлімшеден талай офицер шыңдалып шықты. Талай сарбазға жүрегінде жүрген Отанға деген адалдығын іс жүзінде көрсетуге мүмкіндік берді.



терін қосқан болатын. Бір ай бойы қажырлы күштерін аямай қызыл жалынмен күрескен жасыл күнқағарлылар еш мойыған жоқ. Керісінше өздерінің Отанның нағыз патриоттары екенін дәлелдей білді. Кездескен қиындықтарды көңілдеріне қаяу түсірместен еңсере білетіндіктерін көрсете білді.

Өткен жылды «Шекарашылар күніне» орайластыра ашылған жаңа ғимаратпен бірге «Шыңдалы» шекара бөлімшесі қайта түлегендей. Ашылу салтанатында өңір басшылары, генералдар, ардагерлер жиналып, салтанатты лента қиылғанда, шекарашылардың көздерінде қуаныш ұшқынының жылт еткеніне куәгер болдық. Себебі, бұл жай ғана ғимарат емес, бұл – сенімнің, үміттің, тұрақтылықтың белгісі еді.

Ал есте қаларлықтай әсер берген атаулы күннен кейін жақын маңдағы ауылдардың бірінде мерекелік спорттық шара ұйымдастырылды. Шаршы алаңда шыңдалылықтар керемет спорт өнерлерімен көзге түсті. Бөлімшенің аға нұсқаушысы кіші сержант Ақтілеу Кәрімов бастаған команда волейбол мен футболдан додалы жарысқа қатысты. Шекарашылардың жарқын дауыстары көкке жетіп, тау жаңғырықтарымен үндескендей болды. Әрбір гол, әрбір жеңіс – олардың тек спорттағы емес, қызметтеріндегі де жеңістеріндей әсер берді.

...Күн батуға таяғанда, бөлімше басшысы капитан Еркін Сансызбаев жанарын көтеріп, көк байраққа тікті.



Жанында орынбасары тұр. Ол да әдеттегідей ұстамды, көздері туған елге деген адал қызметпен жанып тұр.

Еркін аға лейтенанттың иығына қолын қойып:

- Қарашы, Райымбек, - деді, - мына байтақ дала - біздің Отанымыз. Біз оның шекарасын берік күзетудеміз. Әр күні, әр сағаты біз үшін аманат.

Райымбек жымия қарап:

- Сол аманатты абыроймен сақтаудамыз, капитан мырза! - деді сенімді үнмен.

Аспан жұлдыздары жана бастағанда, «Шыңдалы» шекара бөлімшесі тынышталай қалды. Дегенмен бұл тыныштық алдамшы еді - жүректе сақ, көзде қырағы сақшылар әлі де шекара бойында нарядта жүрген еді. Олар үшін бейбіт өмір - әр қадамның, әр сәттің жемісі. Ал «Шыңдалы» шекара бөлімшесі болса, таулардың биігіндегі үнсіз күзетші секілді, Отанның тыныштығын қорғап тұрады.

Подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.

ЕЛ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ТЫНЫШТЫҒЫНЫҢ ҚОРҒАНДАРЫ

Таудың желі мен өзеннің сыбдырына құлақ түрген тыныштықты сақтау – ерлік емес, ол міндет. Ал сол міндетті ұрпақтан ұрпаққа аманаттай атқарып келе жатқан шекара күзетінің алдыңғы шебіндегі бөлімшелердің бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Жамбыл облысы бойынша департаменті Меркі ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Кеңес» шекара бөлімшесі.



Табиғаты шырайлы, күн мен түннің тынысын тау аңғарынан сезінетін Меркі даласы. Кеңес ауылының маңында орналасқан шекара бөлімі тыныш көрінгенімен, әр сәті сергек, әр күні бақылаумен өтеді. Мұндағы сарбаздар мен офицерлердің қызметі – шекара шебі ғана емес, елдің қауіпсіздігі мен тыныштығының қорғаны.

«Кеңес» шекара бөлімшесінде шекара сызығының әрбір қадамы – бақылауда. Әрбір бұлақтың басы мен биіктің бауыры – шекарашының назарында. Тауға қарап ой толғайтын сарбаз да, әр іс-қимылды талдайтын офицер де осы топыраққа

адал. Себебі шекараның тыныштығы – елдің тыныштығы.

Мұндағы қызмет – тек физикалық дайындықпен шектелмейді. Бұл – ерік-жігердің, төзімнің, тәртіп пен ұлтқа деген махаббаттың мектебі. Таң алдында тұрып, күн батқанша тік тұратын сарбаздар үшін әр минут – Отан алдындағы адалдықтың айғағы. Апта бойғы күзет, оқу-жаттығулар, бақылау тексеру сабақтары – барлығы бір мақсатқа біріктірілгеннен мемлекеттік шекараны мызғымастай қорғалуда.

Бөлімшенің әскери қызметшілері күн сайын шекара сызығын қадамдап, техника мен заманауи құрылғыларды қолдана отырып, заңсыз әрекеттерге тосқауыл қойып

келеді. Олар шекара асып өтпек болған әрбір заңсыз әрекетті дер кезінде анықтап, қауіпсіздікті қамтамасыз ету арқылы ел ішіндегі тұрақтылыққа үлес қосып отыр. Мұндағы табиғат қаншалықты сұлу болса, қызмет те соншалықты сындарлы.

«Кеңес» шекара бөлімшесінің сарбаздары – бүгінгі күннің жас қорғаушылары. Олар үшін бұл бөлім – ер жетудің, өмірлік сабақ алудың ордасы. Әрбір сарбаз – туған жердің, атамекеннің сенімді қорғаны. Әрбір офицер – жас буынға бағыт беруші, елге қызмет етудің үлгісі. Бұл бөлімшенің жүріп өткен жолы – адал қызметтің, тынымсыз еңбектің, асқақ рухтың шежіресі.

Жалғыз төбеде тұрған шекара бағаны

секілді, «Кеңес» шекара бөлімшесінің қызметі де – көзге көрінбейтін, бірақ жүрекпен сезілетін бейбіт өмірдің кепілі. Меркі даласындағы осынау тыныштық – сарбаздардың қырағы көзқарасы мен берік ұстанымының жемісі. Елдің әрбір азаматы осы бір бейбіт өмірдің артында тұрған шекарашының еңбегін ескеріп, құрметпен қарауға тиіс. Себебі олардың түн ұйқысын төрт бөлген сәті – біздің ертеңіміздің амандығы.

Капитан А. ЖЕКСЕНБИН,
«OS-ЧР». Суреттер шекара бөлімшесінен.

ОТАН КҮЗЕТІНДЕГІ ӨР МІНЕЗДІЛЕР

Ұлы дала төсінде, самал желі шексіз кеңістікті еркін кезген, көз жетпес көкжиекке қарай созылған Ертіс өңірінің байтақ даласында Қазақстан мен Ресей арасындағы мемлекеттік шекараның бір бөлігін Павлодар облысы бойынша департаментіне қарасты «Рахат» шекара бөлімшесінің әскери қызметшілері күзетуде.



Қайсарлық пен адалдықты ту еткен шекарашылар бұл өңірде Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып келеді. Бөлімше іргетасы алғаш рет 2002 жылдың 24 наурызында Тереңкөл ауданының Покровка ауылында құрылған еді. Ал 2022 жылы бөлімше Трофимовка ауылына көшірілді. Бүгінде «Рахат» шекара бөлімшесі Қазақстан мен Ресей арасындағы мемлекеттік шекараның 38 шақырымын күзетеді.

Осы уақыт аралығында бөлімше тізгіні жеті бастықтың қолынан өткен екен. Қазіргі таңда бөлімшені аға лейтенант Көкен Бекбол Ерболұлы басқарады. Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Ақсуат ауылында дүниеге келген. Бекбол кәсіби білімі мен тәжірибесін үйлестіре білген жас офицер. 2016 жылы мектеп бітірген соң Алматы қаласындағы ҚР ҰҚК Шекара Академиясына оқуға түсіп, төрт жылдық оқуын абыроймен аяқтайды. 2020 жылы Павлодар облысы бойынша департаменті «Рахат» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары болып қызмет жолын бастайды. Кейін «Тұрсын» шекара бөлімшесіне ауысып,

2023 жылдың наурыз айынан бері «Рахат» шекара бөлімшесінің бастығы лауазымында қызмет етуде. Үйленген, екі баланың әкесі.

Трофимовка ауылына қоныс аударғаннан кейін аға лейтенант Көкеннің бастамасымен бөлімшенің инфрақұрылымын жетілдіру жұмыстары кеңінен қолға алынады. Бұрын мемлекеттік мекемеге тиесілі болған ғимаратты әскери бөлімше талабына сай жабдықтау оңай шаруа болған жоқ. Бірақ ұжымдық күш-жігер мен өз ісіне деген адалдығының арқасында бұл қиындықтар еңсеріледі. Жанар-жағармай қоймасы, автокөлікке арналған бокс, саптық алаң, жылыту пункті мұның барлығы да жеке құрамның қолымен бой көтерді. Бөлімшені қажетті мүлікпен қамтамасыз етуде де офицерлер бастамашылық танытады.

Қазіргі таңда «Рахат» шекара бөлімшесі заманауи техникалармен толық жабдықталған. Мемлекеттік шекара бойына бейнебақылау камералары орнатылған, қозғалысты сезетін датчиктер жүйесі іске қосылған. Осылайша шекараны күзетуді бірнеше есе тиімді етіп отыр. Сонымен қатар, бөлімше айналасы де толығымен бейнебақылаумен қамтылған.

2024 жылы жеке құрамның денсаулығын сақтау және қысқы уақытта қызмет сапасын артты-

ру мақсатында жылыту жүйесі жаңартылып, жаңа жылыту пункттері пайдалануға берілді. Бұл бастамаларда аудан және ауыл әкімдігінің қолдауы ерекше рөл атқарғанын айта кеткен жөн.

«Рахат» шекара бөлімшесінің жетістіктері де аз емес. 2024 жылғы жауынгерлік дайындық қорытындысы бойынша бөлімше екінші орынды иеленді. Жыл ішінде мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтпек болған 1 адам, шекара режимін бұзған 5 адам, шекаралық аймақ тәртібін бұзған 36 адам ұсталған.

Бұдан бөлек, жеке құрам спорттық жарыстарда да белсенділік танытып келеді. Әсіресе, шекара бөлімшесі бастығының орынбасары лейтенант Әнуарбек Әділет Мерекеұлы департамент намысын қорғап жүрген үздік спортшы. Ол ҚР Шекара Академиясының 2024 жылғы түлегі, шаңғы мен күрес түрінен жүлделі орындар иеленіп жүрген спорт шеберлігіне үміткер болып табылады.

Осындай ұйымшыл ұжым мен білікті басшылықтың арқасында «Рахат» шекара бөлімшесі – еліміздің тыныштығын күзеткен сенімді бекініс болып қала бермек.



Майор
Г. САДЫКОВА,
«ОС-ЧР». Сурет
шекара
бөлімшесінен.

ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕК ПЕН ҚЫРАҒЫЛЫҚ

«Жезкент» шекаралық бақылау бөлімшесі ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы №648 қаулысына сәйкес құрылып, Абай облысы Бородулиха ауданы Жезкент кентінің аумағында орналасқан. Ол Қазақстан мен Ресей арасындағы шекарада орналасқан екі жақты қатынас үшін ашық автомобиль өткізу пункті ретінде жұмыс істейді.

Бөлімшенің басты міндеті – мемлекет шекарасын заңсыз өтуден, контрабанда мен терроризм қаупінен қорғау, сондай-ақ азаматтардың, көлік құралдарының, жүктер мен тауарлардың шекарадан заңды түрде өтуін реттеу. Сонымен қатар, бөлімше халықаралық келісімдерді сақтау мен шекара режимін қамтамасыз ету бағытында да ауқымды жұмыстар атқарады.

«Жезкент» бөлімшесі арқылы жеңіл және жүк көліктері, халықаралық бағыттағы автобустар өтеді. Шекарашылар көлік құралдарын тексерудің барлық кезеңін мұқият бақылайды: құжаттарды тексеру, техникалық бақылау, жүк пен жолаушыларды қарап шығу, қажет жағдайда — кинологиялық тексеру.

Бөлімше заманауи техникалық бақылау құралдарымен жабдықталған. Оның ішінде сканерлер, бейнебақылау жүйелері, биометриялық сәйкестендіру құрылғылары, рентгендік тексеру кешендері және басқа да цифрлық жүйелер қолданылады. Бұл – шекарадан өтудің заңдылығын дәл әрі жылдам тексеруге мүмкіндік береді.

Бөлімшеде құжаттарды тексерушілер, кинологтар, техникалық мамандар, санитарлық және фитосанитарлық бақылау қызметкерлері, кеден және көші-қон органдарының өкілдері қызмет атқарады. Әр маман өз саласы бойынша арнайы даярлықтан өткен: құжат сараптамасы, иттермен жұмыс, психологиялық және жедел даярлықтар – барлығы шекара қауіпсіздігін кешенді қамтамасыз етуге бағытталған.

Бөлімше кеден, полиция, көші-қон және

Шекара – бұл жай ғана сызық емес, бұл мемлекеттің егемендігін айқындайтын маңызды нүкте. Ал оны күзету – тек қырағылық пен тәртіпті ғана емес, жоғары кәсіби даярлықты, заманауи технологияны, кешенді үйлесімділікті талап ететін жауапты іс. Осы орайда Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы мемлекеттік шекарада орналасқан «Жезкент» шекаралық бақылау бөлімшесінің маңызы ерекше.



ҰҚК құрылымдарымен тығыз байланыста жұмыс істейді. Ақпарат алмасу, жедел іс-шаралар жүргізу, іздеудегі тұлғаларды ұстау – ортақ жауапкершілікпен шешіледі. Сонымен қатар санитарлық-эпидемиологиялық, ветеринарлық, төтенше жағдайлар қызметтерімен де үйлесімді іс-қимыл жүргізледі.

Контрабанда, шекара бұзу, жалған құжатпен өту әрекеттерінің алдын алу үшін «Жезкент» бөлімшесінде тәулік бойы

бақылау күшейтілген. Арнайы дерек базалармен жұмыс, құжаттық сәйкестендіру, кинологиялық тексеру және шекара режимін сақтау – бұл бағыттағы негізгі іс-шаралар.

«Жезкент» шекаралық бақылау бөлімшесінде қызмет атқарып жүрген жастардың көпшілігі – өз еркімен шекара қызметіне келіп, Отан алдындағы борышын адал атқарып жүрген азаматтар. Олар үшін бұл – тек жұмыс емес, бұл – патриоттық рухтың көрінісі, елге деген сүйіспеншіліктің белгісі.

Күндіз-түні сапта тұрып, әрбір адам мен көлік құралының шекарадан заңды өтуін бақылау – оңай міндет емес. Бұл жауапты қызмет – жас сарбаздардың бойына тәртіп, жауапкершілік және адалдық секілді қасиеттерді сіңіреді.

Шекаралық аймақта тұратын тұрғындар үшін «Жезкент» бөлімшесінің қызметі ерекше маңызды. Шекарашылар жергілікті халықпен тығыз байланыста жұмыс істейді: тұрғындарға шекаралық режим талаптарын түсіндіреді, қауіпсіздікке қатысты ескерту шараларын жүргізеді. Бұл – шекара мен қоғам арасындағы сенім көпірін нығайтатын маңызды қадам. Тұрғындар да шекара сақшыларының еңбегіне құрметпен қарап, құқықбұзушылықты болдырмауға көмектесіп келеді.

Қазіргі таңда бөлімшені ҚР ҰҚК Шекара академиясының 2016 жылғы түлегі, капитан Балажан Сапарбекұлы Жаппаров басқарып келеді. Ол ұжымды ұйымшылдыққа, қырағылық пен тәртіпке тәрбиелеп, шекара қызметінің сапасын арттыруға үлес қосып отыр.

«Жезкент» шекаралық бақылау бөлімшесі – ел шебіндегі сенімді қорған. Мұндағы әрбір әскери қызметкер – өз ісіне адал, мемлекеттің қауіпсіздігін сақтауға серт берген маман. Олардың тынымсыз еңбегі мен қырағылығы – Қазақстанның тыныштығы мен тұрақтылығының кепілі.



Лейтенант
Е. ҚАЙРТАЙ,
«ОС-ЧР». Сурет
бөлімшеден.

ҚАУІПСІЗДІКТІҢ СЕНІМДІ ТІРЕГІ

Батыс қақпада орналасқан бұл нысан – шекара қауіпсіздігі мен халықаралық байланыстардың тоғысқан тұсы. Жаңғыртылған инфрақұрылым, жоғары технологиямен жабдықталған жүйе және кәсіби мамандардың үйлесімді жұмысы еліміздің беделін арттырып, қауіпсіз болашағына сенімді негіз қалап отыр.



Қазақстан Республикасының шекаралық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды орын алатын «Орал» (авиациялық) шекаралық бақылау бөлімшесі 1996 жылдан бері тұрақты түрде үздіксіз қызмет атқарып келеді. Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданының Подстепное елді мекенінде орналасқан бұл бөлімше халықара-

лық мәртебеге ие екінші санаттағы шекаралық бақылау пункті болып саналады. Ол Шекара қызметінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінен 30 шақырым.

Мәншүк Мәметова атындағы «Орал» халықаралық әуежайы жыл сайын маусымдық халықаралық бағыттар бойынша туристік рейстерді қабылдайды. Сочи, Анталья, Шарм-эль-Шейх сынды шет мемлекеттердің қалаларынан келетін және аталған бағыттарға ұшатын рейстер осы шекаралық бақылау бөлімшесі арқылы өткізіледі. Бұл бағыттар арқылы елімізге көптеген шетелдік және отандық жолаушылар келеді.

Сонымен қатар, әуежай арқылы елімізге танымал тұлғалар да келген. Мәселен, қоғам қайраткері Иманғали Тасмағамбетов, тіпті Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев та осы бақылау пункті арқылы елге кірген.

Бөлімше күнделікті міндеттермен қатар, ерекше жағдайларға да жиі тап болып жатады. Мысалы, жуырда жолаушылардың бірінің жүгінен киік мүйізінен қолдан жасалған пышақ табылып, шекара наряды жедел түрде құқық бұзушыны ұстады. Мұндай әрекеттерге бөлімше қызметкерлері дереу жауап қайтарып, заң шеңберінде шара қолданады.

Бүгінде «Орал» шекаралық бақылау бөлімшесі еліміздің халықаралық беделін қорғауда маңызды буын. Жоғары дайындықтағы мамандардың кәсіби қызметі, заманауи техникамен жабдықталуы және халықаралық стандарттарға сәйкестігі бұл бөлімшенің сенімділігін арттыра



түсуде. Қауіпсіздік – мемлекет тәуелсіздігінің тірегі, ал сол тіректің бір ұстыны – дәл осы «Орал» шекаралық бақылау бөлімшесі.

Аға лейтенант А. КӨЛБАЙ, «OS-ЧР».
Суреттер бөлімше мұрағатынан.

— АШЫҚ ЕСІК КҮНІ —

ШЕКАРА ТЫНЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Өткен аптада облыс орталығындағы шекарашылар шоғырланған ҰҚК Шекара қызметі Атырау облысы бойынша департаментінде ашық есік күні өтті. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында ұйымдастырылған әскери-патриоттық мазмұндағы шараға Қазақстан халық партиясының Атырау филиалы қалалық мәслихатының депутаты Бекзат Есенғожин, партия жанындағы әйелдер қанатының басшысы Людмила Кубентаева, партия мүшелері Айгүл Мурсейітова, Нұргүл Жүебаева, Бисенгүл Искендірова, Атырау жоғары медициналық колледжі директорының орынбасары Талғат Айдынғалиев, «Жас шекарашы» әскери патриоттық клубының мүшелері, №34 көп салалы мектеп-гимназиясының директоры Р. Жоламанова, Атырау жоғары медициналық колледжінің студенттері және №34 көп салалы мектеп-гимназиясының оқушылары қатысты.



Бұл күні департаменттің саптық алаңына көрік берген білім алушылар Мемлекеттік шекараны сенімді күзеткен шекарашылардың тыныс-тіршілігіне терең бойлап, қызметтік қолданыстағы қару-жарақтармен, арнайы техникаларымен танысып, жасылкүнқағарлы жүректі жігіттердің жауынгерлік күнделікті қызметіне қанық болды.

Өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуді мақсат тұтқан шара мектеп оқушыларының Отан қорғаушыларға деген ерек құрметін оятып, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ерлігі мен тарихи мұрасын ұмытпауға, ұлықтауға шақырды. Мұндай мазмұнды шаралар жастардың Шекара қызметіне деген қызығушылығын арттырып, болашақ мамандық таңдауда таптырмас темірқазық болары сөзсіз.

Тағылымды кездесуде сөз алған жауаптылар күнтізбеге қонақтаған мамыр қарсаңындағы айтулы мерекелердің мән-маңызына тоқталып, зұлмат жылдардың тарих тақтасынан алар орнын айшықтап өтті. Сын сағатта Отан үшін кеудесін оққа тосқан батыр бабаларымыздың ерлігін елге естіріп, қаһармандардың батыр тұлғасын мәңгілік үлгі ретінде тануға насихаттады. Расында бүгінгі босағадағы бейбіт өмір үшін барша қазақ сол майдангер ерлерге қарыздар. Біз ұлтжандылықпен туған жерімізді сүю арқылы ғана оларға лайықты жауап бере алған боламыз.

— Тәрбиелік, идеологиялық және кадрлық жұмыстар бөлімінің мұрындық болуымен өткен әскери-патриоттық жиын Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңындағы «80 – іс шара» жобасы аясында ұйымдастырылды.

ҰҚК Шекара қызметі Атырау облысы бойынша департаментіне аялдаған мектеп оқушылары мен Атырау жоғары медициналық колледжінің студенттері бір сәт өздерін әскери сезініп, ерлік шақырымдарында адымдап үлгерді. Мұндағы әскери қызметшілердің бір күндік өмірімен танысып, өздерін толғандырған көкейтесті сауалдарына жауап алды. Тіпті араларында Шекара қызметіне қызметке келіп, шекарашы атты қастерлі мамандыққа қол созғысы келетіндері де табылды. Бұл расында көңіл қуантатын жайт. Демек, бүгінгі әскери-патриоттық шара сенім үдесінен шыға білді деп сеніммен айта аламыз. Себебі елдің ертеңгі тұтқасын ұстайтын жастар,- деді тәрбиелік, идеологиялық және кадрлық жұмыстар бөлімі бастығының орынбасары подполковник Ренат Джомартов.

Елдің еңселі еркіндігі өз Отаның туған жерін, тілің, төл тарихын ожданмен сүйетін, сақтан бері сарқылмай мәдениетін мақтан тұтатын бүгінгі ұрпаққа артылған үлкен жауапкершілік. Олардың бойындағы отансүйгіштікті оятып, ұлттық болмысымызбен суреттелетін тәлім-тәрбиенің дәнегін егу баршамызға ортақ жүк. Ал мұны атыраулық шекарашы жеке құрам терең түсінеді. Жылда өткізілетін мұндай шаралар айтар ойымызға айғақ. Мамыр қарсаңындағы жыл сайынғы дәстүрге айналған ашық есік күні алдағы уақытта да жалғасын таба бермек. Өйткені, мемлекет – шекарадан басталады.

Капитан Б. ҚОЖАНТАЙ,
«OS-ЧР». Суреттерді түсірген автор.



12-25 мамыр аралығында ҰҚК Шекара қызметінде алғаш рет шекара маңы аудандарында тұратын балалары және Шекара қызметінің «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушілері арасында «Шекара мұрагері» бейне байқауы өткізіледі.



Байқаудың негізгі мақсаты – шекара маңындағы аумақтардың өмірі мен ерекшеліктеріне назар аудару, осы өңірлерде тұратын балалардың жеке өңгімелері арқылы олардың ел үшін маңыздылығын көрсету, шекарашы ма-

мандығын дәріптеу және патриотизм сезімін дамыту.

Байқауға мектеп жасындағы 14 бала қатысады, олардың ата-аналары әскери қызметке қатысы жоқ азаматтық салада жұмыс істейді.

Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдың IV отырысында айтқанындай, ауылдық аймақтарды дамыту тұжырымдама-сында шекара маңындағы аудандарға қатысты жұмыстың негізгі басымдықтары айқындалған.

Шекаралас елді мекендердегі жағдай мемлекеттің қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді және стратегиялық маңызы бар. Сондықтан байқауға көрші елдермен шекарадағы елді мекендерде тұратын балалар қатысып отыр.

Ұсынылған конкурстық бейнероликтер «shekaraknbkz» Instagram ведомстволық парақшасында жарияланып, жеңімпаз анықталады.

Байқаудың қорытындысы Балаларды қорғау күні қарсаңында шығады.

Шекарашылардың жас достары салтанатты марапаттау үшін елордаға шақырылады.

Лейтенант
А. КИРГИЗБАЕВ,
«OS-ЧР».



ИНТЕРВЬЮ

ПОГРАНИЧНИК В МИРЕ БЛОГЕРОВ

Пограничники – это не просто военнослужащие, это люди, которые ежедневно стоят на страже своей Родины и целостности государства. Для многих служба на границе становится важным этапом жизни, который оставляет незабываемый след в сердце. Одним из таких людей является Даниил Сидоров – популярный блогер, который служил в Пограничной службе. Он делится своим уникальным опытом через видео о жизни пограничников и военной службе. В нашем интервью Даниил рассказал о своем пути от военнослужащего срочной службы до известного блогера, поделился воспоминаниями о службе, важности патриотизма и своем взгляде на жизнь после армии. Итак, давайте перейдем к вопросам, которые позволят лучше понять блогера «Орыс қазақ».

– Каково Вам было служить в Пограничной службе? Были ли какие-то моменты, которые для Вас особенно запомнились или впечатлили?

– Военная служба была для меня не только важным этапом жизни, но и настоящей школой. Я получил много полезных навыков, которые до сих пор использую. Например, я выучил казахский язык, освоил кинологию и научился шить воротничок – это было удивительно, ведь до армии я даже не знал, как держать иголку. Это не что-то грандиозное, но для меня это было символом изменений и личного роста. Этот момент стал метафорой того, как служба меня меняла и готовила к жизни вне армии. Множество воспоминаний связано с тем временем, и все они положительные. Один из таких ярких моментов – это когда я вернулся домой и выложил фото с армии в «TikTok». Фотографии с сослуживцами и даже с веселым сладким столом набрали 20 тысяч просмотров. Это было началом моего блогерства.

– Что для Вас означала пограничная служба?

– Для меня служба означала выполнение важной миссии по защите последних рубежей Родины, огромная ответственность,

которая заставляет чувствовать себя частью чего-то большего. Я понимал, что моя роль в охране границ страны крайне важна. В этом есть особая гордость и осознание своей значимости.

– Как Вы относитесь к патриотизму? Насколько, по Вашему мнению, важно для военных, в частности пограничников, быть патриотами своей страны?

– Патриотизм для меня – это не просто слова, это действия. Патриот – это тот, кто готов говорить о своей стране с гордостью и защищать ее интересы. Особенно для военных, и в частности для пограничников, патриотизм – это основа. Ведь наша работа направлена на защиту Родины, и важно не только защищать границу, но и чувствовать свою привязанность и ответственность за страну. Пограничники всегда должны быть патриотами, потому что их служба тесно связана с безопасностью и стабильностью всего государства.

– Как служба повлияла на Ваше восприятие патриотизма?

– Служба в Пограничной службе сделала мое восприятие патриотизма намного глубже и осознаннее. Для меня быть пат-

риотом – это не просто любить свою страну, но и понимать, что ты несешь ответственность за ее будущее.

– Как Вы думаете, что сегодня означает патриотизм для молодежи?

– Для молодежи патриотизм сегодня может проявляться по-разному. Это может быть поддержка своего народа, культуры, традиций, активное участие в жизни страны, развитие науки, образования и спорта. Я думаю, что для молодежи важно не только выражать патриотизм словами, но и делать реальные шаги, которые помогают развивать страну. Сегодня патриотизм – это активная позиция и стремление быть полезным своему обществу.

– Что бы Вы посоветовали молодым людям, которые только думают о прохождении воинской службы?

– Я бы посоветовал не бояться этого шага. Воинская служба – это не только физическая нагрузка, но и огромный опыт, который поможет в будущем. Во время службы вы приобретаете навыки, которые можно применить в разных сферах жизни, будь то личные качества, профессиональные умения или общение с людьми. Кроме того, это возможность почувствовать себя частью команды и узнать, что такое ответственность и дисциплина.

– Как Вы выбираете темы для своих видео? Что, по Вашему мнению, интересно аудитории?

– Темы для видео я выбираю, исходя из того, что будет интересно моей аудитории и что связано с моим опытом. Так, как я служил в Пограничной службе, я часто говорю о том, что связано



с армией, патриотизмом и пограничной службой в целом. Людям интересно узнать не только о самой службе, но и о жизни после армии, какие навыки можно перенести в гражданскую жизнь. Особенно привлекает внимание мой опыт и советы призывникам, которые я делюсь в своих видео.

– Как удается совмещать блогерство с другими аспектами Вашей жизни?

– Совмещение блогерства с другими аспектами жизни – это всегда вызов. Но я стараюсь планировать свое время так, чтобы все успевать. Я уделяю внимание и своему блогу, и работе, и личной жизни. Главное – это найти баланс и понимать, что каждый аспект моей жизни важен. Иногда приходится жертвовать чем-то, но в целом я нахожу время для всего, что для меня важно.

– Какие темы Вы хотели бы обсудить в своих будущих видеороликах, касающихся Пограничной службы?

– Я хочу рассказать больше о жизни пограничников, о том, как проходит служба, какие трудности мы преодолеваем, какие навыки получаем. Также мне интересно поделиться история-

ми о взаимодействии с другими странами, о том, что мы можем узнать из работы на границе. Я бы хотел, чтобы в моих видео люди увидели не только интересные факты, но и реальность службы, без прикрас.

– Чтобы Вы пожелали молодым людям, которые только собираются служить в армии?

– Не бойтесь того пути, который вам предстоит пройти. Служба в армии – это не только ответственность, но и возможность научиться многому, найти себя и стать частью чего-то важного для страны. Пусть ваша служба принесет вам опыт, который будет полезен в жизни, и, конечно, оставайтесь верными своему патриотизму. А если решите продолжать путь в блогерстве, всегда оставайтесь искренними и делитесь своим опытом с другими.

– Благодарю за содержательную беседу!

Беседовала
подполковник Ж. КЕМЕЛ,
«OS-ЧР».
Фото капитана
А. ҚАЙЫР.

ТИРЕК ЖӘНЕ СЕНІМ

Әрбір шекара бөлімшесінде өз батырлары бар. Олардың күнделікті еңбегі, кәсібилігі мен өз ісіне адалдығы арқасында Отан шебі сенімді қорғалатынына үлесі зор. Осындай жандардың бірі – старшина Абдин Берік Балташұлы, ол тәжірибелі әскери қызметкер, бөлімше бастығының оң қолы, мойнына үлкен жауапкершілік жүктелген адам.



Старшина Абдин «Келтесай» шекара бөлімшесінде 2005 жылдан бері қызмет етеді. 1981 жылы 4 тамызда Солтүстік Қазақстан облысы Надежка ауылында дүниеге келген Берік Балташұлы өзінің туған ауылында «Келтесай» шекара бөлімшесінің ашылуына куә болды. Отан сүйгіштік рухында тәрбиеленген біздің кейіпкеріміз өз өмірін әскери қызметпен байланыстыру туралы шешім қабылдады және 2005 жылы ҚР ҰҚК ШҚ «Солтүстік»

Өңірлік басқармасының 2032 әскери бөліміне «Келтесай» шекара бөлімшесінің атқышы лауазымына тағайындалды.

Мақсатты, ұстамды, жауапты - Берік Балташұлы ұзақ жылдар бойы бөлімшенің старшинасы лауазымында қызмет етуде. Осы уақыт аралығында ол жай ғана үлгілі әскери қызметкер ғана емес, жас шекарашылар үшін нағыз тәлімгер, үлгі тұтарлық тұлға болды.

Еңбек жолында старшинаға көп нәрсе істеу керек болды. Жаңадан ашылған бөлімшеде жабдықталған көлік тұрағы, қызметтік ит тәлімбағы да болған жоқ.

Бірақ біздің старшина үмітін үзбеді және сеніп тапсырылған бөлімшені тәртіпке біртіндеп жақындатты. Уақыт өте келе 3 автокөлікке арналған гараж, 3 қызметтік итке арналған тәлімбақ, спорттық дайындық қалашығы, атыс дайындық қалашығы, із кесу қалашығы салынды.

Бірақ старшина Абдин Берік Балташұлы тек құрылыс пен өмірді ұйымдастыруда ғана ерекшеленбеді, қызмет барысында 10 мемлекеттік шекараны бұзушыны, 23 мемлекеттік шекара режимін бұзушыны және 44 шекара режимін бұзушыны ұстауға қатысқан. Біздің кейіпкеріміз жаңадан әскери қызметке келген әскери қызметшілерге үлгі болып табылады.

Көпбалалы әке, құрметті адам, жұбайы Гүлсина Хасанқызымен бірге 5 бала тәрбиелеп отыр. 2 жыл бұрын ата болған Берік Балташұлы биыл кенже ұлын 1 сыныпқа апарғалы отыр.

Старшина Абдин Берік Балташұлы сияқты адамдардың арқасында шекарашылар өз қызметін абыроймен атқарып, еліміздің шебін сенімді қорғауда.

Ол борышқа адалдықтың, ерліктің және жанқиярлықтың үлгісі. Мұндай адамдар – Қазақстан Республикасы Шекара қызметінің нағыз мақтанышы.

Майор Д. УТЕБАЕВА, «OS-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.

ҮНСІЗ ЕРЛІКТІҢ ИЕСІ

Аға сержант Хасенов Ерлан Қуанышқалиевич 2009 жылдан бері ҚР ҰҚК Шекара қызметінде қызмет атқарып келеді. Бүгінде ол «Тасмола» шекара бөлімшесінің аға техникі, бөлімшенің автотехникасына жауапты. Қарапайым бір шебер деп қана қарауға болмайды – ол темір тұлпардың тілін тауып, техниканың әр бөлшегін жатқа білетін, істен шыққан көлікті қайта іске қосатындай етіп жөндей алатын маман. Жауапкершілігі мен біліктілігінің арқасында бөлімшенің барлық техникасы әрдайым қызметке дайын десек те артық айтқанымыз болмас.

Тек техниканың ғана емес, ел шебінің де қорғаны болған Ерлан. 2010 жылы екі шекара бұзушысын құрықтап, кәсіби шеберлік пен батыл әрекеттің үлгісін көрсетті. Бұл әрекеті – оның ел алдындағы антына адалдығының дәлелі.

Аға сержанттың еңбегі елеусіз қалған емес. 2016 жылдан бастап, ол төрт жыл қатарынан Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінде «Үздік гараж» және «Үздік инженер» атақтарына ие болды. Бұл марапаттар – техникалық салада ғана емес, жалпы әскери қызметтегі үздіксіз ізденістің, жоғары тәртіп пен талапшылдықтың нәтижесі.

Бірақ оның ерлігі тек бұлармен шектелмейді. 2016 жылдың ақпан айында өңірді қалың боран басып, барлық жолдар қар құрсауында қалған қиын-қыстау кезеңде, «Тасмола» шекара бөлімшесінен дабыл тобы құрылып, бірнеше әскери қызметшімен бірге Ерлан көмекке аттанады. Ауа райы қатты аязды боран борап тұрған. Түк көрінбейтін жолдар жабылып жатқанда, Ерлан бастаған топ жолда бір күн бойы қалып қойған адамдарды және жарыстан қайтып келе жатқан оқушылар тобын құтқарып қалды. Бұл – техниктің ғана емес, нағыз адам өмірін сақтап қалған қаһарманның әрекеті.

Аға сержант Ерлан Қуанышқалиевич Хасенов – техникалық салада терең білімі мен тәжірибесі бар, әріптестері арасында беделді, өз ісіне адал әскери қызметші. Ол Шекара қызметінің беделін арттыруға және жауынгерлік дайындық деңгейін жоғары ұстауға елеулі үлес қосып келеді. Оның қызметі – жас сарбаздарға үлгі, ал оның өмір жолы – Отанға адал қызмет етудің нақты көрінісі.



Аға лейтенант А. КӨЛБАЙ, «OS-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.

Қазақстанның батысындағы кең жазықты бойлай, шекара шебінде үнсіз, бірақ ерен еңбегімен көзге түсіп, қалың боран кезінде бір топ елді құтқарған қызметші.



АДАЛДЫҚПЕН ӨРІЛГЕН ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Мемлекеттің қауіпсіздігі мен тұтастығы – әрбір шекарашының күнделікті еңбегінің нәтижесі. Осындай жауапты қызметті адал атқарып жүрген азаматтардың бірі – Асхат Тюлютаевич Даирбеков.



Асхат Тюлютаевич 1983 жылы 19 қыркүйекте бұрынғы Семей (қазіргі – Абай) облысы, Семей қаласында дүниеге келген. 1989–2000 жылдар аралығында Семей қаласындағы В.Комаров атындағы №2 орта мектепте білім алды. 2001 жылдың маусымынан қазан айына дейін ҚР Қорғаныс министрлігінің Семей филиалындағы авто іс курсын тәмамдап, «В, С» санатындағы жүргізуші куәлігін алды.

Әскери борышын өтеу жолын ол 2001 жылдың қарашасында бастады. Семей қалалық әскери комиссариаты арқылы шақырылып, ҚР ҰҚК Шекара қызметі қатарында қызмет етті. 2001 жылдың қарашасы мен 2002 жылдың сәуірі аралығында Алматы қаласындағы 2468 әскери бөлімінде курсант ретінде жас жауынгерлер даярлығынан өтті. Кейін 2002–2003 жылдары Қызылорда қаласындағы әскери бөлімде жүргізуші-монтер ретінде борышын жалғастырды.

Шекара қызметіне деген адалдығы оны келісімшарт негізіндегі қызметке алып келді. 2005 жылдан бастап Өскемен қаласындағы 2034 әскери бөлімде жұмыс істеді. Мұнда әртүрлі лауазымда — жүргізуші, кіші бақылаушы, бақылаушы, техник, аға техник — қызмет атқара жүріп, кәсіби тәжірибесін жетілдірді. 2008 жылы Семей қаласындағы 2098 әскери бөлімге ауыстырылып, онда да кіші бақылаушыдан бастап, әртүрлі жауапты міндеттерді атқарды.

Сонымен қатар, Асхат Тюлютаевич 2009–2012 жылдар аралығында Семей қаласындағы Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша сырттай оқып, бакалавр дәрежесін иеленді.

2021 жылдан бері ол «Беркут» ақпараттық-электрондық жүйелер бөлімшесінде техник, ал 2024 жылдың мамырынан бастап — аға техник лауазымында қызмет етуде. Жоғары жауапкершілігі мен кәсіби шеберлігі арқасында әріптестері арасында үлкен беделге ие.

Қызмет барысында Асхат Тюлютаевич бірнеше рет алғыс хаттар мен марапаттарға ие болған. Ол ерекше ұқыптылық пен тәртіптіліктің үлгісі ретінде танылып, басшылық тарапынан да, әріптестері тарапынан да құрметке бөленіп келеді. Әрбір тапсырманы дер кезінде әрі сапалы орындауы — оның шекара қызметіне деген адалдығын көрсетеді.

Отбасында да ол — қамқор әке, сүйікті жар. Қызмет пен отбасын тең ұстау арқылы, ол бүгінгі әскери қызметшілерге үлгі. Оның өмірлік ұстанымы — адал еңбек пен тәртіптің арқасында ғана биік белестерге жетуге болады деген қағидаға негізделген.

Лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР».
Сурет бөлімшеден.

ЖЫЛДАРҒА ЖАЛҒАСҚАН ҚЫЗМЕТ

Жылдарға жалғасқан қызметтегі адалдық асқақ абыройға жетелейді. Еңбек өтілімін толағай табыстармен еңсерген тұлғалар қашанда ізінен ергенге үлгі. Олардың еңбек жолындағы өнегелі өмірі кейінгі қалыптасушы ұрпаққа мол мұра.



Сондай еңбекқор, үлгі боларлықтай жұмысшылардың бірі Садыкова Айгүл Жолгутқызы. Ол 1972 жылдың 14 қарашасында Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Копа ауылында дүниеге келген. 1989 жылы аталмыш ауылдың 10 жылдық орта білім беретін мектебін тәмамдайды. Кейін Қызылорда облысындағы «Педагогикалық» колледжінің мектепке дейінгі даярлық мамандығы бойынша оқиды. Оқуын тәмамдап біраз жыл балабақшада тәрбиеші болып жұмыс атқарған. Қазіргі таңда 2002 жылдан бері ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаменті тыл бөлімінің штаттан тыс инспектор қызмет етеді.

Айгүл Садыкова 23 жылдан бері осы күнге дейін әр жұмыс күні сағат 08:30-да офицерлер құрамы үйінің қазандық операторларының кезекшілігін ауыстырып, бөлім бастығына баяндайды. Сол тұрғын үйлерінің жертелесін тексереді және бітелген жағдайда тазарту жұмыстарын

жүргізеді. Бос тұрған үйлердің жағдайын қадағалап, сенім хатпен коммуналдық мекемелерге барып ай сайынғы төлемдерін тоқтату бойынша арыз жазады. Кәріс құбырларын да тазалау жөнінде моторы немесе аргон дөңкерлеу құрылғысы бұзылған жағдайда жөндеу жұмысын жүргізуді ұйымдастырады. Жаз мезгілінде аумақтық тазалау жұмыстарын жүргізіп, офицерлер құрамы үйінің қазандық ішін сырлап, барлық құбырларын тазалап қыс мезгіліне дайындайтыны тағы бар.

Осыншама міндетті біршама жыл арқалап, жұмысын адал түрде еңбекқорлықпен орындап жүр. Бұдан да бөлек қыс мезгілінде қарды тазалауды ұйымдастырады. Айналасындағы қоқыстарды күнделікті тазалауды қадағалайды. Ең басты жауапкершілігінің бірі, қабылдап тапсыру актісімен жаңадан келген офицерлер мен келісімшарт бойынша әскери қызметшілерге тұрғын үйді тапсырады. Кей кезде күндіз-түні жарық өшкен жағдайда мекемеге барып қалыпқа келтіруін қамтамасыз етеді.

Білім мен еңбекті ұштастыра жүріп жинаған тәжірибенің арқасында офицерлер құрамы үйінің біраз шаруаларын бітіріп

жүр. Соның бірі, Айгүл Жолгутқызының тас жолына жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша берген өтінішінің негізінде, жыл соңына дейін осы өтінішіне байланысты жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады.

Жолдасымен отау құрғандарына 30 жылдан астам уақыт болған. Жолдасы мұнай өндіру саласындағы Ақтөбе өңірлік «СНПС» компаниясында жүргізуші болып жұмыс жасайды. Отбасында бір ұлдарын тәрбиелеп, бүгінде ұлдары «Теміржол» колледжін бітірген маман иесі.

Ауыз толтырып айтарлықтай Айгүл Садыкованың Шекара қызметінің шекарашыларына тигізіп жүрген пайдасы ұшан теңіз. Қандай да әскери қызметші болмасын барлығының үй-жайларының жылы болуына жауап беріп жүр. Жауапкершілігі мен еңбекқорлығына алғысымызды білдіреміз. Қызметіне зейнеткерлік жасына жеткенге дейін адал болуына тілекшіміз.



**Лейтенант
Ж. ШАРМАКОВ,
«ОС-ЧР».
Суретті түсірген автор.**

ШЕКАРА ТЫНЫШТЫҒЫНЫҢ ҮНСІЗ ҚОРҒАУШЫСЫ

Еліміздегі тыныштықты сақтау – тек сарбаздың емес, әрбір жанның жүрекпен атқаратын қызметі. ҚР ҰҚК ШҚ Жамбыл облысы бойынша департаменті Жамбыл ауданы бойынша шекара басқармасының «Ақсуат» шекара бөлімшесінде дәл осындай қызметті атқарып жүрген қарапайым еңбек адамы бар. Аты – Бауыржан Рахманқұлов. Мамандығы – тракторшы. Бірақ оның күнделікті тірлігі тек темір тұлпар тізгіндеп жер жыртумен ғана шектелмейді. Ол — шекара күзетінің үнсіз сарбазы, техниканың тілін білетін қарапайым батыр.

Шекара шебінде қалыпты тіршілік тек қырағы күзетпен емес, уақытылы орындалған жұмыстармен, жылдам шешіммен, нақты әрекетпен сақталады. Бауыржан күн сайын таңсәріден шекараға шығады. Оның темір тұлпары – тек трактор емес, кейде жедел көмекке шақырылатын сүйрегішке де айналады. Із бақылау жолағы – шекарадағы тыныштықтың басты келбеті. Қара жердің әрбір ойығы, әр тал қадамы шекарашы үшін маңызды, ал Бауыржан үшін – жауапкершілік. Ол әлгі жолақты қайта-қайта жырытып, тегістеп отырады. Күрделі рельефке қарамастан, ол мінсіз орындауға тырысады. Себебі бұл тек еңбек емес, ел шетінің бүтіндігіне қосқан үлес.

Кейде ауа райы тосын мінез танытады. Түнімен жауған жаңбыр немесе таңертеңгі шық – техникаға салмақ. Бірақ шекара шебінде «болмайды» деген сөзге орын жоқ. Бауыржанның темір тұлпары кейде от алмай қалады, кейде басқа көліктер шұғыл жағдайға тап болып, қозғалмай қалады. Міне, осындайда ол «менің жұмысым емес» демей, өзі сүйрегішке айналып, тоқтап қалған машинаны тіркеп, оны таудан сүйреп шығарады. Бұл – артық міндет емес, азаматтық парыз.

Ол – көп сөйлемейді, бірақ әр ісі – шекара үшін сенімді



тірек. Сарбаздар оны құрметтейді. Себебі шекара бекінісінің тыныштығы тек күзетпен ғана емес, осындай күнделікті, төзімді еңбекпен қамтамасыз етіледі. Қай жерде қиындық болса, Бауыржан сол жерде. Ол – шекарадағы тыныштықты өз еңбегімен бекемдеп тұрған қарапайым еңбекқор. Оның тракторы – бұл мекеннің тынысы. Ол жүрген жер – тегіс, тәртіпті. Қара топырақ оның ізін сақтап, сарбаздар соның ізімен өтіп, шекара шебін күзетіп жүр.

Ақсуат шекара бөлімшесінің бүгінгі келбеті – тек әскери дайындықпен емес, осындай жанашыр еңбегімен көрікті. Ал Бауыржан Рахманқұлов – сол көрікті күнде көлеңкеде қалып, бірақ тіршіліктің шын өзегін ұстап тұрған қарапайым еңбек иесі. Оның тракторы шекараны айналып жүргенде, бейбіт өмірдің дөңгелегі де алға жылжып отырады. Еңбегімен ел тыныштығына үлес қосқан жандардың бірі – міне, осындай.



**Капитан А. ЖЕКСЕНБИН,
«ОС-ЧР».
Суретті түсірген
аға лейтенант
Д. КАБДУЛКАДЫРОВ.**

АСПАЗШЫНЫҢ ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Аспаздық — бұл жай ғана кәсіп емес, үлкен өнер мен жүрек жылуын талап ететін ерекше мамандық. Күнделікті тағам әзірлеу — көзге қарапайым көрінгенімен, оның артында үлкен жауапкершілік, тәртіп, адалдық пен шынайы махаббат жатады. Осындай ізгі қасиеттерді бойына сіңіре білген жанның бірі — Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасы асханасының аспазы, кәсібіне адал жан Ғалия Құсайынова.

Ғалия Кәрібайқызы — талай жылдар бойы сарбаздарға дәмді, құнарлы тағам дайындап, олардың алғысына бөленіп жүрген білікті маман. Ол шекара асханасында 12 жылдан астам уақыт еңбек етіп келеді. Оның қолынан шыққан әр тағамда үлкен махаббат пен мейірім бар. Өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, мінезі ашық, жаны жайдары Ғалия апайдың күн сайын атқаратын еңбегі — ерлікке пара-пар.

Жалпы, сарбаздарды уақытылы, толыққанды ыстық тамақпен қамтамасыз ету — үлкен міндет. Жас шақырылым сарбаздары жылына екі мәрте келіп, күзет қызметіндегі жауынгерлер үнемі сапта болады. Олардың үш мезгіл тамағын уақытында әзірлеу — әрбір аспаздың кәсіби шеберлігі мен тиянақтылығына байланысты. Бұл тұрғыдан алғанда Ғалия

апайдың еңбегі ерекше бағалауға лайық.

Ғалия Құсайынова Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданының Құйған ауылында дүниеге келген. Әкесі Кәрібай мен анасы Бәтима — қарапайым еңбек адамдарынан құралған, көпбалалы үлгілі шаңырақ иелері болған. 1981 жылы Ғалия апай Зайсан ауданының Біржан ауылына қоныс аударып, Амангелді атындағы орта мектепте білім алады. Жасөспірім шағында өмірдің ауыр сынын бастан өткеріп, жеңгесінің қайтыс болуына байланысты, бауырларына қамқор болып, ерте есейеді. Мектеп бітірген соң Зайсан қаласындағы кәсіптік училищеде оқып, аспаздық мамандығын игереді.

1988 жылы өмірлік жары Жанболат Сапиевпен отау құрып, бүгінде екі ұл бір қыз тәрбиелеп өсіріп, немере сүйіп отыр-

ған ардақты ана, абыройлы әже атанып отыр.

Ғалия апайдың өмірлік ұстанымы — нағыз аспаздың қолынан шыққан тағам тек тәжірибе мен білімге ғана емес, махаббат пен ниетке де байланысты. Оның сөзімен айтсақ: «Аспаздың тағамының дәмді шығуы — оны үлкен махаббатпен, сүйіспеншілікпен дайындауында».

Бүгінде еліміздің шекарасын күзетіп жүрген сарбаздарға әр күн сайын ыстық ас ұсынып жүрген Ғалия Құсайынованың еңбегі көпке үлгі. Ол тек ас әзірлеп қана қоймай, айналасына шуақ сыйлайтын, өзінің қарапайым болмысымен үлкен құрметке лайық жан.

**Майор Ф. БАКЕТОВ,
«ОС-ЧР». Сурет шекара
басқармасынан.**



СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ...

Ел Президенті жариялаған Жұмысшы мамандықтар жылы аясында күн сайын айналамызға жайлылық, тәртіп пен сенімділікті қалыптастырып жүрген жандар туралы айту – айрықша маңызды. Солардың бірі – ҰҚК Шекара қызметі Маңғыстау облысы бойынша департаментінің күзет және қамтамасыз ету бөлімшесінің слесарі Николай Васильевич Потапов.



Офицердің айтуынша, Николай Васильевич – тек жауапты әрі тәжірибелі маман ғана емес, сонымен қатар жас қызметкерлерге тәлімгер. Ол өз білімін қуана бөлісіп, құрал-сайманмен қалай жұмыс істеу керек екенін, әр іске ұқыпты, дәл әрі адал болуды үйретеді. Оның кеңестері – бағалы, ал құрметі – еңбектің өтеуі.

Ал Николай Васильевич өз еңбегі туралы қарапайым ғана былай дейді: «Маған бәрі дұрыс жұмыс істеп тұрғаны ұнайды, бөлімшеде жайлылық пен тәртіп болғанын қалаймын. Еңбегіңнің нәтижесін көру – бір нәрсені жөндеп, оның адамдарға талай жыл қызмет етіп тұрғанын байқау – көңілге қуаныш сыйлайды. Біздің мамандықта ең маңыздысы – сабыр мен ұсақ-түйекке мұқият болу деп ойлаймын».

Айта кету керек, қазіргі қызметіне дейін Николай Васильевич 12 жылдан астам уақыт экспедитор-жүргізуші болып жұмыс істеген үш жыл – ЗИЛ-131 жүк көлігінің тоғыз жыл автобус жүргізген. Ол мемлекеттік шекараны күзететін бөлімшелерге жеке құрам мен материалдық құралдарды жеткізумен айналысты.

Қорытындылай келе айтарымыз: бүгінгі таңда жұмысшы мамандықтарына қайта лайықты көңіл бөлініп жатқан шақта, Николай Потаповтың өмір жолы – өз ісіне адалдықтың, қарапайымдық пен еңбекқорлықтың жарқын үлгісі. Бұл – елді мықты етіп, мемлекеттік шекараны қажеттінің бәрімен қамтамасыз ететін құндылықтар.

Біздің кейіпкердің қолынан шыққан дүниенің бәрі берік әрі сапалы болады – есік тұтқасы мен сөреден бастап, күрделі тіршілік ету жүйелеріне дейін. Оны бәрі – жас сарбаздар да, полковниктер мен ведомство ардагерлері де – қарапайым әрі ілтипатты түрде «Коля ағай» деп атайды.

Николай Васильевич шекара қызметінде 15 жылдан астам еңбек етіп келеді. Оның арқасында жүздеген нысан жөнделіп, түрлі механизмдер қайта қалпына келтірілді. Ең бастысы – ол әрдайым мейірімді, көмектесуге дайын жан.

– Біздің Коля ағай – нағыз алтын қолды шебер. Оның арқасында департаменттегі әр нәрсе өз орнында. Бөлімше өмірін Коля ағайсыз елестету адам, – дейді күзет және қамтамасыз ету бөлімінің бастығы подполковник Ануар Байбусинов.



Капитан А. ЖАНАЛИПОВ, «ОС-ЧР».
Суретті түсірген автор.

МІНСІЗ ҚЫЗМЕТ, МЫЗҒЫМАС СЕНІМ

Отан тыныштығы шекара шебінің мызғымас бекемдігімен өлшенеді. Ал осы тыныштықты күзетіп жүрген бейбіт күннің батырларының қатарында өз ісіне адалдығымен, еңбекқорлығымен ерекшеленген шекарашылар аз емес. Солардың бірі Павлодар облысы бойынша департаментінің «Шалдай» шекара бөлімшесінде старшина қызметін атқарып жүрген - аға сержант Талғат Құсманұлы Тоқтасинов.



тумен қатар, бөлімшенің күнделікті тіршілігін үйлестіретін лауазымды тұлға. Аға сержант Талғат Тоқтасинов өзіне жүктелген осы міндетті 12 жылдан астам уақыт бойы абыроймен атқарып келеді.

Бөлімшенің ішкі тазалығы, бөлмелер мен қойманың жай-күйі, жеке құрамның киім-кешекпен, қажетті құрал-жабдықтармен қамтылуының барлығы старшинаның бақылауында. Өз ісіне тиянақты қарайтын Талғат соңғы жылдары бөлімшеде бірқатар шаруашылық жұмыстардың жандануына ұйытқы болды. Қызметтік бөлмелер жөндеуден өтіп, иттерге арналған торлар жаңартылып, аумақ абаттандырылды.

Талғат 2013 жылы қызмет барысында Ресей Федерациясымен шекаралас «Шалдай» учаскесінде құқық бұзушыны ұстау операциясына қатысып, жоғары кәсіби дайындық пен қырағылық танытты. Осылайша ол өзінің тек шаруашылық жұмыстармен ғана шектелмей, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы жауынгерлік дайындығының да жоғары деңгейде екенін көрсете білді.

Қызмет барысында мінсіз атқарған еңбегінің арқасында бөлім бастығы мен жеке құрам тарапынан үлкен құрметке ие болған аға сержант Талғат Тоқтасинов бүгінде жас шекарашылар үшін үлгі. Отағасы, екі бала тәрбиелеп отырған әке. Шекара шебінде сенім мен тәртіптің иесі атанған аға сержант Талғат Тоқтасиновтың еңбегі Отан алдындағы адалдықтың, әскери антқа берік болудың шынайы көрінісі.

Талғат 2013 жылы қызмет барысында Ресей Федерациясымен шекаралас «Шалдай» учаскесінде құқық бұзушыны ұстау операциясына қатысып, жоғары кәсіби дайындық пен қырағылық танытты. Осылайша ол өзінің тек шаруашылық жұмыстармен ғана шектелмей, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы жауынгерлік дайындығының да жоғары деңгейде екенін көрсете білді.

Қызмет барысында мінсіз атқарған еңбегінің арқасында бөлім бастығы мен жеке құрам тарапынан үлкен құрметке ие болған аға сержант Талғат Тоқтасинов бүгінде жас шекарашылар үшін үлгі. Отағасы, екі бала тәрбиелеп отырған әке. Шекара шебінде сенім мен тәртіптің иесі атанған аға сержант Талғат Тоқтасиновтың еңбегі Отан алдындағы адалдықтың, әскери антқа берік болудың шынайы көрінісі.

Майор Г. САДЫКОВА, «ОС-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.

САРБАЗ КЕЛБЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІН!

Өткен аптада ҰҚК Шекара қызметі Атырау облысы бойынша департаментінде «Көктем – 2025» шақырылымының жас сарбаздары салтанатты түрде әскери ант қабылдады. Содан бері республикалық, облыстық жетекші бұқаралық ақпарат құралдары шекараның жаңа дүрсіліне айналған жас сарбаздар жайлы жарыса жазып жатыр. Біз де антына адалдықпен үн қатуға бекінген сарбаздарды ойлы оқырманға таныстыруды құп көрдік...

Еліміздің түпкір-түпкірінен Мемлекеттік шекараны күзету мен қорғау ісіне күш салуға ұмтылған жастарға артылар жүк ауыр. Себебі Исатай мен Махамбеттің тұлпарының дүбірі қалған бұл өлкеде жауынгерлік жорыққа жүрдім, бардым қарау кешірілмесе керек. Батырлар өлкесінде мерзімді әскери қызметін өтейтін олар бұл жүктің салмағын терең түсінеді. Сондай сарбаздың бірі – қатардағы жауынгер Олжас Тлешов.

Шекарашы ұл 2006 жылы Атырау облысы Құрманғазы ауданы Сафон ауылында дүниеге келген. Алматы энергетика және байланыс университетінде «әуе көлігі және технологиялар» мамандығында оқиды. Жасы жеткен бойда қатарластарымен бірге Отан қорғауға асыққан оғлан «Көктем – 2025» шақырылымында шекарашылар қатарын толықтырды. Жоғары оқу орнынан әскер қатарына шақырылуына байланысты академиялық үзіліс алған ол Отан қорғау ісіне ете араласуды бала күннен армандаған. Қазіргі уақытта департамент құрамындағы техникалық және кәсіптік даярлау бөлімшесінде жыл он екі ай жалғасатын мерзімді әскери қызметке шынығып, жауынгерлік дайындығын жетілдіруде.

– Мен туған жер осы мұнайлы өлке. Батырлар мен баһадүрлердің өлкесі. Сондықтан бізге тек ұлылардың ұнтағы болу ғана жарасады. Біз бір құрсақтан төртеміз. «Алып та, анадан туады» дейді ғой. Анам Асия Асылұлан, Алмас, Саят есімді бауырларымды дүниеге әкелді. Әкем Бекболат ес білгелі бізге отаншылдық рухта тәрбие беріп, жылы ұямызды жылу-



лыққа толтырды. Ағам Асылұлан Өскемен қаласында әскерде болып, Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып, аман-есен үйге оралды. Сол сәттен бастап мен де, әскерге аттанғанша асықтым. Мұнан бөлек, әкемнің туған інісі Ербол Қуанышалиев те ҰҚК Шекара қызметі Атырау облысы бойынша департаментіне қарасты шекара бөлімінде ұзақ жылдардан бері аға сержант әскери шенінде қызмет атқарады. Мұның бәрін көріп, біліп өскен мен үшін әскери өмір бала күннен жат көрініс болмады. Осы үшін де отбасым мен жақындарыма айтар алғысым шексіз. Көктемде алдыңғы шепте сап түзейтін шекарашы атандым. Ел шебін берік күзетуде тәулік бойы толассыз тосқауылдарды жүзеге асыратын шекарашы атану, мен үшін мәртебе. Қазір оқу орталығында әскери өмірдің өліп-сөгісін танысып жатырмыз. Алдағы уақыт бізді шалғайдағы шекара шақырымдары асыға күтеді, - дейді қатардағы жауынгер Олжас Бекболатұлы.

Біз де шекара шақырымдарына жаңа леп болып келген Олжастың алдағы жауынгерлік жорығына сәт-сапар тілейміз. Шекарашы атына дақ түсірмей, абырой биігінен аласарма, жауынгер. Еркіндіктің тынысын кеңейткен елдің шебі ендігі жерде сенің қолыңда!



Капитан Б. ҚОЖАНТАЙ, «ОС-ЧР».
Суретті түсірген автор.

«ҚАЛҚАН» – ЛЕДОВЫЙ ЩИТ ПОГРАНИЧНИКОВ

В Костанай становится все жарче – не по погоде, а по накалу ледовых баталий. С декабря 2024 года на спортивной арене города уверенно заявила о себе команда Департамента ПС КНБ по Костанайской области – «Қалқан». Основанная по инициативе начальника департамента полковника Алматы Джаржанова, команда быстро превратилась из идеи в мощный, слаженный боевой коллектив.



С первых дней «Қалқан» взял курс на дисциплину, настойчивость и победу. Тренировки стали неотъемлемой частью распорядка для военнослужащих, а ледовая площадка – продолжением службы. Хоккеисты-пограничники регулярно проводят товарищеские встречи с командами районов области, играют с коллективами

ДЧС и других силовых структур. Во многих матчах, несмотря на разницу в опыте и подготовке, бойцы «Қалқана» доказывали: пограничник побеждает не числом, а характером.

Каждый из них не просто игрок, а носитель боевых и спортивных качеств. В нападении на льду блистает капитан Саят

Абсадыков, виртуозно пробивая оборону соперников. Вместе с ним результативность поддерживают Ансар Серикжанов, Орынбасар Достанов и Олжас Закиров – молниеносные, дерзкие, непредсказуемые.

Надежной стеной обороны стоят Виталий Куликов, Жаслан Кабылтай и

Амиржан Сапабеков, превращая синюю линию в неприступную крепость. Их уверенность дополняется надежной игрой вратарей – Ансара Айдарханова и Асхата Давлетпаева, для которых не существует невозможных бросков.

Правый фланг атаки в надежных руках Артема Нестерова и Ердена Мурзабекова. Они не просто играют – они дышат хоккеем, выкладываясь на 100 процентов в каждом матче.

– Хоккей для нас – это не просто спорт, это продолжение службы. На льду, как и на границе, важны взаимовыручка, дисциплина и готовность стоять друг за друга. Мы гордимся тем, что представляем Пограничную службу на спортивной арене. И каждый матч – это честь и ответственность для нас, – говорит нападающий команды Саят Абсадыков.

Команда продолжает развиваться, участвует в городских и ведомственных турнирах, укрепляя имидж Пограничной службы и привлекая внимание молодежи к здоровому образу жизни и службе Родине.

«Қалқан» сегодня является символом силы, дисциплины и братства. Где бы они ни играли, будь то районная арена или ведомственный матч – они всегда выходят на лед как на боевое дежурство. И всегда с желанием побеждать.



Лейтенант Н. САКЕН, «ОС-ЧР».
Фото с департамента.

А ЗНАЕТЕ ЛИ ВЫ?


ЗЕЛЕННЫЕ СОКРОВИЩА СЕВЕРНОГО ПРИГРАНИЧЬЯ

Край белых берез – так не редко называют Северо-Казахстанскую область. Березовые колки, голубые озера создают незабываемый пейзаж северной границы нашей Родины. И тут – среди пшеничных нив, сосновых боров, березовых колоков, голубых озер и болот несут свою службу доблестные военнослужащие Департамента Пограничной службы КНБ по СКО.

В Казахстане насчитывается свыше 6 тыс. видов растений, в Северо-Казахстанской области их более тысячи. Тут можно встретить ядовитые растения, которые представляют собой как существенную потенциальную опасность для организма человека и домашних животных, например, вех ядовитый, белена черная, дурман обыкновенный, ястребинка ядовитая, лютик едкий, термопсис ланцетный, так и лекарственные растения – чистотел, календула лекарственная, девясил высокий, полынь горькая, мать-и-мачеха, пустырник, зверобой, тысячелистник, шиповник, боярышник, рябина и другие.

Во время службы пограничные наряды встречают и редкие, находящиеся под угрозой исчезновения растения. Но встречаются на пограничных тропах и черные березы – деревья, чье происхождение покрыто тайной. Существуют множество легенд о черной березе.

По преданиям, раньше в местах произрастания черных берез в Сибири и на Алтае в далекие времена обитали существа, которых называли «чудь белокожая». Поклонялись они березе черной, а она спасала их от невзгод всех. В сказаниях зафиксировано, что этот народ имел скрытые знания, у него



были несметные сокровища, а люди могли вылечить любую болезнь.

Но однажды на территорию проживания народности пришли другие люди, и местным жителям пришлось уйти в подземелья. При этом, чтобы никто к ним не проник, они обвалили входы в них.

И как говорят старики, народность проживала на Земле, пока кора у берез была черная. А когда она побелела, люди ушли жить под землю. Те, кто не успел уйти – погибли. И как раз-таки где растет черная береза, там и находится вход в подземелье.

В настоящее время актуальными являются вопросы сохранения всех обитающих видов растений, и в первую очередь наиболее уязвимы. Поэтому одной из важных задач всех жителей страны является охрана редких и находящихся под угрозой исчезновения растений, животных и других организмов, постоянно или временно обитающих на территории страны в целом и Северо-Казахстанской области в частности. И мы – военнослужащие Пограничной службы, охраняя священную границу и приграничную территорию, тоже вносим свой посильный вклад в сохранении удивительных растений нашего мира.



Майор Д. УТЕБАЕВА, «ОС-ЧР».
Фото из открытых источников.

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
Меншік иесі:
Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
Редакцияның мекенжайы:
Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.
Телефондар: Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38
Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57
Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56
E-mail: smi_pogran@mail.ru
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:
gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Рахат Нурғалиев
Редактор: Азамат Муханов
Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин
Тілшілер: Жанар Кемел, Олжас Жақсылықов, Айдоос Кирғизбаев
Меншікті тілшілер:
Алматы - Тамара Дәулетбаева
Атырау - Бауыржан Қожантай
Ақтау - Асхат Жаналипов
Ақтөбе - Жасулан Шармаков
Талдықорған - Манарбек Қарекенов
Жамбыл - Асыллан Жексенбин
Шымкент - Рауан Асадилов

Қызылорда - Әкімжан Төлебай
Өскемен - Ғалымжан Бакетов
Семей - Ердос Қайртай
Петропавл - Динара Утебаева
Павлодар - Гүлзада Садыкова
Қостанай - Нұрасыл Сакен
Орал - Айжан Көлбай

Фототілшілер: Асхат Сәбиев, Аян Қайыр, Диас Куанышев
Компьютерлік безендіру және беттеуші: Нұрхан Кабдулов
Корректорлар: Өркен Шопашев
Немірдің кезекші редакторлары: Ж.Кемел, О.Жақсылықов

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы даталар мен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді.
Газетті есепке қою туралы № 1394-г күзлікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі берген.
Газет "ОС-ЧР" Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.

СЕГІЗ ЖАСАР «КАПИТАН»

4 мамыр. Бүгін аса маңызды күн. ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментіне қарасты Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасында «Көктем – 2025» шақырылымының сарбаздарына арналған Әскери ант қабылдау рәсімі өтеді. Сондықтан, еліміздің түкпір-түкпірінен ат терлетіп жеткен қалың жұртшылықпен бірге біз де рәсімнің әрбір сәтін тарихқа айналдыруға асықпыз...



Осылай басталған рәсімнің негізгі бөлімі бітіп, сарбаздардың салтанатты шеруі басталатын болған соң, мінбердің оң жағындағы туға арналған бағанның жанына келіп, «дем» бастық. Осы кезде иін тірескен адамдардың арасынан бір балақайды көзіміз шалып қалды. Бұл – журналисті ғана емес, ең мықты деген фототілшінің өзін селт еткізетін көрініс еді...

...Біздің қарсы алдымызда әскери киімдегі жеті-сегіз жасар балақай тұрған болатын. Өзінің әскери шені де осал емес, бақандай капитан. Соған қарамастан, қолына ауызы төмен қаратылған автомат ұстап алғанын көріп, еріксіз күліп жібердік. Сосын қасына жақындап: «Капитан мырза, саулығыңызды тілеймін!», - деп әзілдеп, қолымызды шекемізге апардық. Ал керек болса, «капитанымыз» сөйлемей қоймасы бар ма? Есесіне, қасында тұрған сұлу келіншек балақайдың анасы болуы керек, біздің өзілімізге жымылып күлді...

Сөйтсек, бізді өзіне магнитше тартқан кішкентай «капитан» шекара басқармасының лазаретінде қызмет атқаратын офицердің ұлы болып шықты. Мына қызықты қараңыз, әкесінің шені де «капитан». Осыған қарағанда, әке мен ұлдың шендері қатар «өсіп» келе жатқан сыңайлы. Дегенмен, бұл емес еді, бізді елең еткізген. Балақай өзін нағыз офицер секілді ұстап тұр еді...

Ақыры, кішкентай шекарашының ата-анасымен таныстық. Әкесі – осындағы медициналық қамтамасыз ету бөлімінің аға офицері, медицина қызметінің капитаны Елнұр Аманғазы. Анасы – Әлия Ерікқызы, сегіз жасар «капитан» Алихан мен Аружан есімді ұл мен қыздың аяулы анасы.

Офицер Е.Аманғазы Шекара қызметінің сапында 2019 жылдан бері қызмет атқарып келеді екен. Дүние есігін Абай облысының Аягөз қаласында ашқан ол 2018 жылы С.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетін аяқтап, мамандығына сай жұмыс істеп жүрген жерінен запастағы офицер ретінде әскери қызметке шақырылыпты. Содан бері Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының қас-қағым, қарбаластан тұратын өмірімен біте қайнасып кеткен Елнұрдың ұлы да әкесіне қарап бой түзеп келеді.

Ал бұл – Алиханның 4 жасынан басталса керек.

– Ұлым өзінің бойына шақтып тіктірген әскери форманы алғаш рет төрт жасында киді. Содан бері үстінен тастаған емес. Осылай жүрген өзіне қатты ұнайтынын көріп, анасы екеуіміз ұлымыздың меселін қайтармауды шештік. Бойы өскен сайын киімі де жаңарып отырады, – дейді офицер ұлы туралы. Ер жетіп, ат жалын тартып мінетін азаматқа айналған соң әкесінің жолын қуып, офицер атанғанын көру – мен үшін бақыт дер едім...

Бүгін рәсімге қатысуға да өзі тілек білдіріп, осы жиынға қатты дайындалды. Көрдіңіз бе, қаруына дейін алып келді (кішкентай капитанның әкесі ұлына мейірлене қарап, күлімсіреп қойды). Сарбаз ағаларына ұқсағысы келген ғой.

– Әскери формасы да өзіне қатты жарасып-ақ тұр. Өзі де әскерилер секілді тым байсалды көрінеді. Осыған қарағанда, дәл қазір біздің алдымызда болашақ генерал тұрмасына кім кепіл, – дедік шын көңілімізбен.

Алиханның әкесі күлімсіреді. Ол бізбен әке ретінде ғана емес, офицер ретінде де көлісіп тұр еді. Өйткені, қазақ атамыз «Тау баласы тауға қарап өседі» деп бекер айтпаған.

Иә, Отан қорғауды екеден балаға мирас етіп келе жатқан ұрпақтар Шекара қызметінде көптеп кездеседі. Осылайша, ұрпақтар сабақтастығы дегеніміз ешуақытта үзілген емес. Шекарашыларымыз қайда жүрсе де Отанға адал қызмет етудің үлгісін көрсетіп келеді. Бейбіт күннің дәрігері ғана емес, «әскери дәрігер» деген атаққа әлі күнге дейін дақ түсіріп көрмеген офицердің ұлы Алихан да солар секілді болғысы келетінін әлден көрсетіп тұр...

Әскери журналист Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

ТАРИХТЫҢ ТІРІ КУӘСІ

Әр халықтың тарихында еліне еңбегі сіңген, өмірін Отан қорғауға арнаған тұлғалар болады. Солардың бірі – Алматы қаласында тұратын ардагер, отставкадағы майор Юрий Никифоров. Оның өмір жолы – өскелең ұрпаққа үлгі, нағыз ерлік пен адал қызметтің үлгісі.



Юрий Федорович 1941 жылы 28 тамызда Ленинград қаласында дүниеге келген. Дәл осы жылы басталған Ұлы Отан соғысы оның балалық шағын түгел өзгертті. Ол блокададағы Ленинградта әжесімен бірге тұрып, аштық пен суықтың не екенін өз көзімен көрді. Бала жүрегімен сол қиын-қыстау кезеңді көтере білді. Әжесі қайтыс болғаннан кейін ғана Юрий Федорович тылға эвакуацияланып, балалар үйіне жіберілді. Бұл оның өміріндегі үлкен сынақ еді. Бірақ ол рухын түсірмей, білім алып, өжет балалардың бірі болды. Кейінірек Ленинградтағы Суворов училищесіне оқуға түсті.

Юрий Федорович әскери өмірді саналы түрде таңдады. Ол Мәскеу шекара училищесінде білім алып, Қазақстанда түрлі әскери лауазымдарда қызмет атқарды. Радиоқабылдау орталығының бастығы, сержанттар мектебінің оқытушысы, Қытаймен шекарада қызмет ететін мамандарды дайындайтын мектептің жетекшілерінің бірі болды. Сонымен қатар байланыс полкіндегі радиостанцияның бастығы ретінде де жауапты міндеттерді атқарды.

Юрий Федоровичтің әскери жолы 24 жылдан астам уақытқа созылды. Адал еңбегімен, тәртіптілігімен, білімділігімен басшылық тарапынан бірнеше рет марапаттарға ие болды. Зейнетке шыққаннан кейін де қоғам өмірінен қол үзген жоқ. Бүгінгі таңда – «Застава тарландары» республикалық ардагерлер қоғамдық бірлестігінің белсенді мүшесі. Жастармен тұрақты түрде кездесулер өткізіп, әскери-патриоттық тәрбие беруге атсалысады. Оның жалынды сөздері жастарды бейжай қалдырмай. Оларды Отан алдындағы борышын терең сезінуге рухтандырады.

Юрий Никифоров – тек қана ардагер емес, ол – халқына адал қызмет еткен, қалтқысыз қызметі арқылы жауынгерлік рухты көтеретін нағыз батыр. Ал өмірі – шыдамдылықтың, батырлықтың және елге деген шексіз махаббаттың көрінісі. Осындай тұлғалар – елдің мақтанышы, тарихтың тірі куәсі.

Мен үшін Юрий Федорович – өз ісінің нағыз шебері ғана емес, нағыз ер жүрек азамат. Оның өмір жолынан үлгі алып, біз де өз Отанымызға адал қызмет етуіміз керек. Өйткені өткенге тағзым – болашаққа бағыт!



Халықаралық журналистер одағының мүшесі, подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР». Сурет жеке мұрағатынан.